<b>Сабақтың барысы</b>		
<b>Сабақтың кезеңдері</b>	<b>Жоспарланған жұмыс</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы(2-5 минут)</b>	<p>Сабағымызды бастамас бұрын өткенді қайталап алайық.  . Жаңа сабаққа деген қызығушылықтары оянып, ерекше ынтамен кіріседі.  Қайталау: «миға шабуыл» стратегиясы бойынша өткенді пысықтау.  . «Сұхбаттасатын жұп» бойынша үй тапсырмалары тексеріледі.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Функция дегеніміз не?</li> <li>2. Аргумент дегеніміз не?</li> </ol>	
<b>Сабақтың ортасы (6-40 минут)</b>	<p>(МК, Ұ),  .  1-топ. Координаталық жазықтық ұғымы.  Функция дегеніміз не?  2-топ Функцияның графигі деген не?  Функцияның графигі қандай түрде беріледі?  <math>y = kx + l</math> (мұндағы <math>x</math> - тәуелсіз айнымалы, <math>k</math> мен <math>l</math> – нақты сандар) түріндегі формуламен берілетін функцияны сызықтық функция деп атайды.</p>	<p>Оқулық  Аудиодиск:  1.2.1 : 1.2.3:  №1 жұмыс дәптері  Қосымша тапсырма: 1.</p>

$y = kx + l$  функциясының анықталу аймағы барлық нақты сандар жиыны.

Егер  $y = kx + l$  сызықтық функциясындағы  $l = 0$  болса, онда  $y = kx$  түрінде жазылады.  $y = kx$  функциясы тура пропорционалдық деп аталады.

Егер  $y = kx + l$  формуласындағы  $k = 0$  болса,  $y = 0x + l$ , онда  $y = l$ ;  $y = 1$  функциясы *тұрақты функция* деп аталады.  $y = 1$  тұрақты функциясы сызықтық функцияның дербес жағдайы.

Сызықтық функцияның графигі

$Y = 1,5x - 2$  сызықтық функциясының графигін сызайық.

Ол үшін  $x$  пен  $y$ -тің сәйкес мәндерінің кестесін құрастыру керек.

$x$	-3	-2	-1	0	1	2	3
$y$	-6,5	-5	-3,5	-2	-0,5	1	2,5

Координаталық жазықтықта координаталары кестеде көрсетілген нүктелерді белгілейік.

Белгіленген нүктелерді қоссақ, түзу сызылады. Осы түзу  $y = 1,5x - 2$  сызықтық функциясының графигі болады.  $y = kx + l$  **функциясының графигі түзу сызық.**

Жазықтықтағы екі нүкте арқылы бір ғана түзу жүргізілетіндіктен, түзуді жүргізу үшін, оның екі нүктесінің координаталарын білу жеткілікті.

$Y = kx + l$  сызықтық функциясының графигі болатын түзу ординаталар ( $Oy$ ) осін  $(0;l)$  нүктесінде, ал абциссалар ( $Ox$ ) осін  $(-\frac{l}{k};0)$  нүктесінде қияды.

**Сызықтық функцияның дербес жағдайлардағы графигі**

$l=0$  және  $k \neq 0$  болғанда  $y=kx$  тура пропорционалдығының графигін қарастырайық.

$y=kx$  функциясының формуласындағы  $x=0$  болғанда  $y=0$ . Сондықтан оның графигі координаталар басы арқылы өтеді.

$y=kx$  (мұндағы  $k \neq 0$ ) функциясының графигі координаталар басы арқылы өтетін түзу.

$y=kx$  тура пропорционалдығының графигін салу үшін ізделінді нүктелердің бірі ретінде  $O(0;0)$  нүктесін алу керек.

Ізделінді екінші нүктенің координаталарын табу үшін  $x$ -тің нөлден өзгеше қандай да бір (мүмкін) мәнін қойып, оған сәйкес  $y$ -тің мәнін табу керек.


Мысалы,  $y=2x$  функциясы үшін,  $x=2$  болғанда  $y=4$ .  $A(2;4)$  нүктесін алу керек. Табылған  $O(0;0)$  және  $A(2;4)$  нүктелері арқылы жүргізілген түзу  $y=2x$  функциясының графигі.

$y=kx$  функциясы графигінің координаталық жазықтықтағы орналасуы  $k$  коэффициентіне тәуелді.  $y=kx$  функциясында, егер  $x=1$  болса  $y=k$ .

$y=kx$  функциясының графигі  $-O(0;0)$  және  $(1;k)$  нүктелері арқылы өтетін түзу.

Егер  $k > 0$  болса,  $y=kx$  функциясының графигі I және III координаталық ширектерде, ал  $k < 0$  болса, II және IV координаталық ширектерде орналасады.

$y=kx$  функциясының графигі мен  $y=kx+l$  функциясының графигі  $k-$





	<p><b>ның бірдей мәнінде өзара параллель түзулер.</b> <math>x</math>-тің кез келген мәні үшін <math>y = kx + l</math> функциясының мәні <math>y = kx</math> функциясының мәнінен <math>l</math>-ге артық.</p> <p><math>y = kx + l</math> функциясындағы <math>k=0</math> болса, функция <math>y=l</math> формуласы-мен жазылады. <math>y=l</math> формуласының графигі абциссалар осіне параллель, абциссасы <math>0</math>; ординаталары <math>l</math> болатын түзу.</p>	
<p><b>Сабақтың соңы( 41-45мин)</b></p>	<p><b>РАФТ» әдісін пайдаланып, оқушыларға сызықтық функция тақырыбына шығармашылық есептер құрастыру. /Топ бойынша құрастыру./</b></p> <p>· функциясының графигінде жатқан <math>A(x; 3)</math> нүктесінің абциссасын табындар.</p> <p>Тура пропорционалдың графигі <math>E(-6; 9)</math> нүктесі арқылы өтетін түзу.</p> <p>Ол қандай формуламен берілген.</p> <p><math>y = 2,5x - 3</math> функциясының графигімен <math>A(2; 2)</math> нүктесінде қиылысатын және <math>l = 4</math> болатын функцияның формуламен жазындар.</p> <p><math>y = 3x</math> функциясының аралығындағы ең үлкен мәні мен ең кіші мәні қосындысын табындар.</p> <p><math>y = kx + 1</math> функциясының графигі <math>y = 0,5x</math> функциясының графигіне параллель және <math>B(0; 2)</math> нүктесі арқылы өтеді. Осы функцияның табындар.</p> <p>Сызықтық функция <math>f(x) = 1,8x + 1</math> формуласымен берілген. Егер <math>f(-2) = 2,1</math> болса, <math>l</math>-дің мәнін табындар.</p> <p>Сызықтық функция <math>f(x) = kx + 3,5</math> формуласымен берілген. Егер <math>f(0,3) = 6,2</math> болса, <math>k</math>-ның мәнін табындар.</p> <p><math>y = kx + 5</math> функциясының графигі <math>A(-3; -1)</math> арқылы өтсе, <math>k</math>-ның мәнін табындар.</p> <p>Функция <math>y = 3x - 4</math> формуласымен берілген <math>x = -2</math> болғандағы функция мәні неге тең?</p> <p><math>y(-2) = 3 \cdot (-2) - 4 = -10</math></p> <p>Мына өрнектерді өз бағандарына жаз: <math>1 \ 3 \ 2</math></p> <p><math>y = kx + 2</math> функциясының графигі <math>A(1; 4)</math> нүктесі арқылы өтеді. <math>k</math> - ның мәнін табындар.</p> <p><math>y = 3x + n</math> функциясының графигі <math>A(1; 4)</math> нүктесі арқылы өтеді. <math>n</math> - ның мәнін табындар</p> <p><math>y = kx - 6</math> функциясының графигі <math>A(1; -3)</math> нүктесі арқылы өтеді. <math>k</math> - ның мәнін табындар</p> <p>Сұрақ-жауап сұрақтары: 1. Сызықтық функцияның графигі қандай сызық болады?</p> <p>1. <math>y = 3x + 5</math> функциясының графигінен <math>l</math>-дің мәні неге тең?</p> <p>2. Тура пропорционалдық функциясы қандай формуламен беріледі?</p> <p>II топтың сұрақтары:</p> <p>1. <math>y = kx + 1</math> функциясының графигі қалай салынады?</p> <p>2. Координаталары берілген нүктенің түзуге тиісті (тиісті емес) екенін қалай тексереміз? 3. <math>y = l</math> функциясы қалай аталады?</p> <p>4. «Кім жылдам?» - аялдамасы, ауызша есеп шығару <math>y = kx + b</math> формуласында <math>b</math>-ны көрсетіндер 1. <math>y = 3x - 5</math> 2. <math>y = 4 - 2x</math> 3. <math>y = -4x - 2</math> 4. <math>y = 6 + 5x</math> 5. <math>y = 2,5x - 0,5</math></p> <p>6. <math>y = 8 + 1,5x</math></p>	
<b>Қосымша ақпарат</b>		
<b>Қорытындылау</b>	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ	

	бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.
1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе? 2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?	
<b>Қорытынды бағалау</b> Ең жақсы өткен екі нәрсе? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді? 1. 2.	

<b>Тақырыбы:</b> <b>31-САБАҚ</b>	Сызықтық функция және оның графигі	
<b>Күні, айы:</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b> .	
	<b>Сабаққа қатысқан оқушылар саны:</b>	<b>Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:</b>
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты</b>	<p>7.4.1.4  <math>y = kx</math> функциясының анықтамасын білу, графигін салу, <math>k</math> коэффициентіне қатысты орналасуын анықтау;</p> <p>7.4.1.5  <math>y = kx + b</math> түріндегі сызықтық функцияның анықтамасын білу, оның графигін салу және графиктің <math>k</math> және <math>b</math> коэффициенттеріне қатысты орналасуын анықтау;</p> <p>7.4.1.6  сызықтық функция графигінің координата осьтерімен қиылысу нүктелерін графикті салмай табу;</p> <p>7.4.1.7  <math>y = kx + b</math> сызықтық функциясының графигінен <math>k</math> және <math>b</math> таңбаларын анықтау;</p>	
<b>Сабақ мақсаты</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> Сызықтық функция формуласымен танысу, графигін салу берілген суреттердің ішінен сызықтық функцияны анықтай білу, берілген функцияның графигі бойынша формуласын құрастыру.. .:	
	<b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> Сызықтық функция формуласын біледі, графигін сала алады, берілген суреттерін анықтай біледі, берілген функция графигі бойынша формуласын құрастыра алады	
	<b>Кейбір оқушылар:</b> Өткен тақырыптар бойынша есептерді шығару менгеріледі, ережелерді пайдалана отырып есептер шығаруға машықтары дамиды	
<b>Сабақтың барысы</b>		
<b>Сабақтың кезеңдері</b>	<b>Жоспарланған жұмыс</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы (2-5 минут)</b>	<p>(МК) Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, сынып бөлмесінің тазалығына көңіл бөлу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру, олардың назарын сабаққа аудару</p> <p>Қайталау сұрақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Функция дегеніміз не?</li> <li>2. Аргумент дегеніміз не?</li> <li>3. Сызықтық функция дегеніміз не?</li> </ol> <p>Сызықтық функцияның графигі не болыптабылады</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сызықтық функцияның графигі қандай сызық болады?</li> <li>2. <math>y = kx + 1</math> функциясының графигі қалай салынады?</li> <li>3. <math>y = 3x + 5</math> функциясының графигінен <math>l</math>-дің мәні неге тең?</li> <li>4. Координаталары берілген нүктенің түзуге тиісті (тиісті емес) екені қалай тексереміз?</li> </ol>	

<p><b>Сабақтың ортасы</b> <b>(6-40 минут)</b></p>	<p>(МК,Ұ)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тәуелсіз айнымалының әрбір мәніне тәуелді айнымалының бір ғана мәні сәйкес келетін тәуелділікті <b>функция</b> деп аталады</li> <li>2. Тәуелсіз айнымалы <b>аргумент</b> деп аталады.</li> <li>3. Тәуелді айнымалы <b>функция</b> деп аталады.</li> <li>4. Функцияның берілуі тәсілдері <b>формуламен кестемен н/е графиктен</b> беріледі.</li> <li>5. Тәуелсіз айнымалының қабылдайтын мәндерінің жиыны функцияның <b>анықталу аймағы</b> деп аталады.</li> <li>6. Функцияның мәндер жиыны функцияның <b>мәндерінің аймағы</b> деп аталады.</li> </ol> <p><b>1-топқа</b></p> <p>Оқушы x дәптер мен альбом сатып алмақшы. Егер бір дәптер 50 теңге тұрса , ал альбом 300 теңге тұрса, ол барлық сатып алатын заттар қанша ақша төлеу керек.</p> <p><b>2-топқа</b></p> <p>Қоймада 5 тонна картоп болды.Күнде 3 тонна картоп әкелініп тұрды. Қоймада қанша тонна картоп болады?</p> <p><b>3-топқа</b></p> <p>Турист А пунктен В пункіне дейін 40 км жол жүрді.В пункітінен сол бағытқа қарай автобуспен 1 сағатта 65 км жол жүрді. А пункітінен 2,4,5 сағаттан кейін арақашықтығы қанша болады?</p> <p><b>4-топқа</b></p> <p>Дүкенде 450 метр мата бар еді. Оған күніне 230 метр мата әкелініп тұрды.Дүкенге x күн мата әкелінді онда неше метр мата болды?</p> <p><b>Тапсырма: Сызықтық функция графиктерін салу және айырмашылықтарын түсіндіру</b></p> <p><b>1-топ</b></p> $k > 0, y = 2x - 1$ $k < 0, y = -3x + 1$ <p><b>2 топ</b></p> $k = 0,5 \qquad y = 0,5x + 2$ $k = 0,5 \qquad y = 0,5x$ $k = 0,5 \qquad y = 0,5x - 2$	<p>Оқулық Аудидиск: 1.4.1; 1.4.4;</p> <p>№1 Жұмыс дәптері</p>
---	--	---

*3 топ*

$$y = 3x + 2 \qquad l = 2$$

$$y = 0,5x + 2 \qquad l = 2$$

$$y = -2x + 2 \qquad l = 2$$

*4 топ*

$$y = 3x - 2 \quad ж/е \quad y = -x + 2$$

функцияларының графиктерін координаталық жазықтықта салу.  
Графиктердің өзара қиылысу нүктесін табу.

Дене қимыл жаттығуларын жасау.  
Логикалық есеп

Кітаптан есеп шығару  
№1344 . №1345,

Нүктелерін тап

*1 топ*

$$A(-7;1) \qquad C(5;3)$$

$$B(-5;3) \qquad D(6;5)$$

*2 топ*

$$P(0;2) \qquad L(3;-1)$$

$$T(3;2) \qquad M(5;-1)$$

*3 топ*

$$K(0;3) \qquad O(5;6)$$

$$Y(3;6) \qquad B(3,3)$$

*4 топ*

$I(7;5)$

$E(6;1)$

$H(7;2)$

$Ж(-7;1)$


Сабақтың соңы(41-45мин)

(К)

**Сөзжұмбақ “Шартараптан”**

1.  $P=2(a+b)$ ,  $S=ab$  түрінде берілген теңдіктерді қалай атаймыз?
2. Тәуелсіз айнымалы қалай аталады?
3. Жазықтағы нүктенің орнын табу үшін нені білуіміз керек?
4. Екі нүктемен шектелген түзудің бір бөлігі
5. Шеңбер сызуға арналған құрал қалай аталады?
6. Координаталық жазықтықтағы горизонталь ось қалай аталады?
7. Координаталық жазықтықты құрайтын өзара қалай орналасады?

Әр топ өзін-өзі формативті бағалайды, бүкіл сабақ бойы көрсеткен білімдеріне сәйкес жинақтау бағасын шығарады



. Жеке-жеке

оқушының бағасы қойылды. Сабақ соңында стикер жазып жабыстырады.

1-2 топ

3-4 топ

	$y = 5x + 1$ <ul style="list-style-type: none"> <li>• <math>x = 2</math>, ал <math>y = 3</math>;</li> <li>• аргументтің мәні 3 ке тең, ал функцияның мәні 16; тең</li> <li>• <math>y = 7</math> ?</li> <li>• <math>y = 10</math>, ал <math>x = 1</math>;</li> <li>• функцияның мәні 11, ал аргументтің мәні 2 ке тең ;</li> <li>• Функцияның анықталу облысы ( - ; + )</li> </ul>	$y = -2x + 4$ <ul style="list-style-type: none"> <li>• <math>x = 2</math>, ал <math>y = 0</math>;</li> <li>• аргументтің мәні -2 ке тең, ал функцияның мәні 8; тең</li> <li>• <math>y = 5</math> ?</li> <li>• <math>y = 3</math> ал <math>x = -2</math>;</li> <li>• функцияның мәні -3, ал аргументтің мәні 10 ке тең ;</li> <li>• Функцияның анықталу облысы ( - ; + )</li> </ul>		
--	---	--	--	--

**Қосымша ақпарат**

<b>Қорытындылау</b>	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.
<p>1. Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе?</p> <p>2. Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?</p>	
<b>Қорытынды бағалау</b>	
Ең жақсы өткен екі нәрсе?	
1.	
2.	
Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?	
1.	
2.	

<b>Тақырыбы:</b> <b>32-САБАҚ</b>	Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы	
<b>Күні, айы:</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b>	
	<b>Сабаққа қатысқан оқушылар саны:</b>	<b>Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:</b>
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты</b>	7.4.1.8 сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы олардың коэффициенттеріне тәуелді болатынын негіздеу 7.4.1.9 графикі берілген функцияның графигіне параллель немесе қиятын сызықтық функцияның формуласын табу;;	
<b>Сабақ мақсаты</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> Сызықтық функциялар графиктерінің орналасуы ұғымына берілген есептерді шығарту арқылы оқушылардың білім, білік, дағдыларын жетілдіру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту	
	<b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> Сызықтық функциялар графиктерінің өзара орналасуы ұғымы бойынша білім, білік, дағдылары дамиды, логикалық ойлауы жетіледі. ізденпаздық, тапқырлық, жылдамдық қабілеттері артады	
	<b>Кейбір оқушылар:</b> Сабаққа қызығушылығы артып, өз ойын жүйелі түрде жеткізеді. Оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға	
<b>Сабақтың барысы</b>		
<b>Сабақтың кезеңдері</b>	<b>Жоспарланған жұмыс</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы(2-5 минут)</b>	(МК) Оқушылармен амандасу. Сыныпты түгендеу. Сабаққа дайындау, оқу құралдарын алу. .. Үйге берілген тапсырманы пысықтау, ережелерді еске түсіру. 1. Қандай жағдайда екі сызықтық функцияның графиктері қиылысады? 2. Қандай жағдайда екі сызықтық функцияның графиктері параллель болады? 3. Қандай жағдайда түзулер ординаталар осіндегі бір ғана нүктеде қиылысады? 1. «Сықырлы ұяшықтар» бөлімі. Біздің мақсатымыз: өткен материалға байланысты қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беру. Әр топ ұяшықтарды кезек-кезекпен ашады. 1. Сызықтық функция дегеніміз не? 2. $y=kx$ түрінде берілген функция қалай аталады? 3. «Функция» терминін математикаға енгізген кім? 4. Сызықтық функцияның графигі қандай сызық болады? 5. Функция дегеніміз не? 6. $y=1$ функциясы түрінде берілген функцияны қалай атаймыз? 2. «Жауабыңды сәйкестендіру» бөлімі Екі топтан бір-бір баладан шығып, берілген тапсырманы дұрыс жауаптарымен сәйкестендіреді.	



Сабақтың ортасы (6-40 минут)

(МК,Ұ)

к саны

сызықтық функция :	шарты :	қорытынды :
$y = k_1x + l_1$ $y = k_2x + l_2$	$k_1 = k_2$	Түзулер параллель.
	$k_1 = k_2$	Түзулер қиылысады.
	$k_1 * k_2 = -1$	Түзулер перпендикуляр

Оқулық  
Аудидиск:  
1.3.1; 1.3.2;  
1.3.3;

№1 Жұмыс дәптері

**I топ: Сызықтық функция, олардың қиылысуы.**

**Ауызша:**

**1-оқушы.** Сызықтық функция дегеніміз не?

**2-оқушы.** Қандай жағдайда екі сызықтық функцияның графигі қиылысады?

**Жазбаша: 1 – оқушы.**  $y = kx + l$ ;  $y = ax + b$ ,

Мұндағы:  $k, a$  – бұрыштық коэффициенттері, әртүрлі.  $l, b$  – нақты сандар

$x$  – тәуелсіз айнымалы

**2 – оқушы.**  $y = 2x + 1$  есебінің шығару жолдарын  $y = 0,5x + 4$  көрсету.

**II топ: Функцияның берілуі, параллельдігі.**

**Ауызша:**

**1 – оқушы.** Функция қалай беріледі? (формула және кесте түрінде)

**2 – оқушы.** Қандай жағдайда екі сызықтық функцияның графигі параллель түзулер болады? **Жазбаша: 1 –**

**оқушы.**  $y = kx + l$ ;  $y = kx + c$

Мұндағы:  $k$  – бұрыштық коэффициент, бірдей.

$l, c$  – нақты сандар  $x$  – тәуелсіз айнымалы


**2 – оқушы.**  $y = 1,5x + 2$  есебінің шығару жолдарын  $y = 1,5x - 2$  көрсету.

**III топ: тірек – сызба, сөзжұмбақ.**

**Ауызша:**

**Жазбаша:**

Тірек сызба.



Сабақтың соңы (41-45 мин)

**Топтық жұмыс**

- $y = ax + c$   
 $k, a$  – бұрыштық коэффициенттері әртүрлі
1. Сызықтық функция деген не?

2. Екі сызықтық функцияның графиктері бір координаталық жазықтықта қалай орналасады?

параллель болады

3. Қандай жағдайда екі сызықтық функцияның графигі қиылысады?

	<p>4. Қандай жағдайда екі сызықтық функцияның графигі параллель болады?</p> <p>5. Сызықтық функция қандай формуламен беріледі?</p> <p>Сызықтық функцияның кестесін қалай толтырады</p> <p>Тест тапсырмалары.</p> <p>I топ</p> <p>1) <math>y(x)=5x-4</math> функциясының мәні 6-ға тең. Аргументтің мәнін тап.  A) 5 C) 10  B) 4 Д) 2</p> <p>2) <math>y=-2x+4</math> функциясының графигі қай нүктеге тиісті?  A) B (-2;4) C) Д (-3;1)  B) A (4;3) Д) C (1;2)</p> <p>II топ C) <math>g(4)=5</math></p> <p>1) <math>y(x)=2x-7</math> функциясының мәні 7-ге тең. Аргументтің мәнін тап.  A) 12 C) 10  B) 4 Д) 7</p> <p>3) <math>y=-x+8</math> функциясының графигі қай нүктеге тиісті?  A) B (-1;9) C) Д (-3;1)  B) A (9;1) Д) C (1;2)</p> <p>(К)Сабақты қортындылау мақсатында мұғалім оқушылармен кері байланыс орнатады. Оқушылар сабақ барысында нені білгенін, қалай жұмыс істегенін, не қызықты әрі жеңіл болғанын, не қиындық туғызғаны туралы ой-пікірлерін білдір</p>	
--	--	--

**Қосымша ақпарат**

<b>Қорытындылау</b>	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.
<p>1. Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе?</p> <p>2. Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?</p>	

<b>Қорытынды бағалау</b>	
Ең жақсы өткен екі нәрсе?	
1.	
2.	
Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?	
1.	
2.	

<b>Сабақтың тақырыбы</b> <b>Сабақ 33-34</b>	Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы	
<b>Мақсаты мақсаттары</b>	Жай бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндей білуін және координаталарын таба білу дағдысы мен іскерлігін жетілдіру. Біліктерін сараланған есептер шығару арқылы логикалық оймен іске асыра білу.	
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты</b>	7.4.1.8 сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы олардың коэффициенттеріне тәуелді болатынын негіздеу 7.4.1.9 графикі берілген функцияның графигіне параллель немесе қиятын сызықтық функцияның формуласын табу;	
<b>Сабақ күтілімі</b>	<p><b>Оқушылар:</b> Сызықтық функциялар графиктерінің өзара орналасуының қасиеттері туралы мағлұмат беру.</p> <p>Графиктерінің параллель, қиылысу және беттесе орналасуын ажырата білу.</p> <p>Сызықтық функциялар графиктерінің өзара орналасуының қасиеттерін есептер шығаруда пайдалану.</p> <p><b>Негізгі мағана мен түсініктер:</b></p> <p><i>k-ның мәніне байланысты <math>y=kx+l</math> сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы туралы түсініктерін қалыптастыру</i></p> <p><b>Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:</b></p> <p>Сызықтық функциялар графиктерінің өзара орналасуының қасиеттері туралы мағлұмат алады.</p> <p>Графиктерінің параллель, қиылысу және беттесе орналасуын ажырата біледі</p>	
<b>Алдыңғы оқу</b> «20 сұрақ – иә не жоқ деген жауап» әдісі бойынша «Менің елім» тақырыбына сұрақ-жауап		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған жаттығулар(төменде жоспарланған тақырыптармен қатар ескертпелерді жазыңыз)</b>	<b>Ресурстар</b>
Басталуы 10 мин	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұйымдастыру</li> <li>2. Психологиялық ахуал жасау( Шаттық шеңбері) 2 мин</li> <li>3..Ұй тапсырмасын сұрау: Менің елім тақырыбына қатысты жаңа сөздерді қайталау (Ыстық доп)        5 мин</li> <li>4.. Миға шабуыл.</li> </ol> <p>Сұрақтар:</p> <p>. 1)Қандай функция сызықтық функция деп аталады? <math>y= ax+b</math> формуласымен беруге болатын функцияны <u>сызықтық</u> функция деп атайды.</p> <p>2) Сызықтық функцияларға мысалдар келтіріңдер.</p> <p>3) Сызықтық функцияның графигі қандай сызық болады? Сызықтық функцияның графигі <u>түзу</u> болады.</p> <p>4) Сызықтық функцияның графигін салу үшін қанша нүкте жеткілікті?</p>	<p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=txYwvX_zibc">https://www.youtube.com/watch?v=txYwvX_zibc</a></p> <p>дидактикалы қ материалдар</p>

Сызықтық функция графигін салу үшін екі нүкте жеткілікті.  
 5) Қандай жағдайда сызықтық функцияның графигін салу үшін бір ғана нүктені белгілеу жеткілікті?  $y=kx$  функцияның графигін салу үшін  $O(0;0)$  нуктесінен басқа тағы бір нүктенің координатасын табуға жеткілікті.  
 6) Сызықтық функцияның графигі 1) абцисса осіне параллель;  
 2) ордината осіне параллель бола ма?

Ал, енді қорытынды жасасақ сызықтық функциясы  $y= ax+b$  формуламен беріледі, графигі – түзу, екі нукте арқылы түзу сызуға болады.  $y= kx$  функцияның графигін салу үшін  $O(0;0)$  нуктесінен басқа тағы бір нүктесі жеткілікті. Сызықтық функцияның графигі абцисса осіне параллель.


Ортасы  
20 мин

«Стоп-кадр» әдісі. 10 мин  
 сызықтық функцияның графигі-түзу демек, сызықтық функциялардың графиктері бір нүктеде қиылысады немесе параллель болады, немесе беттеседі  
 $y=kx$  формуласымен берілген сызықтық функциялардың графиктері  $x$ -тің коэффициенттері әртүрлі болғанда қиылысады;  
 $x$ -тің коэффициенттері бірдей болғанда параллель;  $x$ -тің коэффициенттері тең және  $b_1$  мен  $b_2$  бірдей болғанда беттеседі.


Мысалы, бір координаталар жазықтығына мына функциялардың графиктерін салайық.

1)  $y = -\frac{1}{3}x$ ;  $y = -\frac{1}{3}x - 2$ ;  $y = -\frac{1}{3}x + 2$  - 2

$k = -\frac{1}{3}$




2)  $y = -\frac{2}{3}x + 3$  және  $y = 2x - 5$




Графиктер  $A(3;1)$  нүктесінде қиылысады

3)  $y = 1,5x + 2$   $y = \frac{1}{4}x + 2$   $y = x + 2$



Графиктердің  $V(0;2)$  нүктесі  $\longrightarrow$  арқылы өтеді. x  
 Кез келген  $y=kx+b$  сызықтық функциясының графигі координаталары  $(0;b)$  болатын нүкте арқылы өтеді.

**Венн диаграммасы арқылы салыстырыңдар**



Сызықтық функциялар	Теңдеудің түбірі	Графиктерінің орналасуы
$y=2x+1$ және $y=0,5x+4$		
<i>Қорытынды:</i>		
$y=1,5x+2$ және $y=1,5-2$		
<i>Қорытынды:</i>		

**Мына функциялардың графиктері өзара қалай орналасқан:**

Сызықтық функциялар	Бұрыштық коэффициенті	Графиктерінің орналасуы
1) $y=x+2$ және $y=x-2$ 2) $y=2x+4$ және $y=8x-2$ 3) $y=-3x-4$ және $y=-5x+2$ 4) $y=5x-3$ және $y=5x$		

**2-деңгей тапсырмасы: №1389**

№	Берілген функция	Сызықтық функция





### Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болады (Оқытуда да, оқуда да ескеріңіз )?

1:

2:

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (Оқытуда да, оқуда да ескеріңіз )?

1:

2:

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеме оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетінін не білдім?

. Графигі бойынша сызықтық функцияны формуламен жазыңыз:

*a* түзуі;

*b* түзуі;

*c* түзуі:

**деңгей тапсырмасы:**

Бер:  $y=4t+5$ ;  $y=4t-6$ ;  $y=4t$  – функциялары.

➤ Графиктерін бір координаталық жазықтықта салыңыз:

$y=4t+5$	$x$	-2	-1	0	1	2		
	$y$							
$y=4t-6$	$x$	-2	-1	0	1	2		
	$y$							
$y=4t$	$x$	-2	-1	0	1	2		
	$y$							

➤  $K_1=$ \_\_\_;  $K_2=$ \_\_\_;  $K_3=$ \_\_\_;

➤ Түзулердің өзара орналасуы: \_\_\_\_\_

:

Бер:  $y=2x-6$  – сызықтық функция;

➤  $K(0; 3)$  нүктесі арқылы өтетін түзудің формуламен берілуі: \_\_\_\_\_

➤  $O(0; 0)$  нүктесі арқылы өтетін түзудің формуламен берілуі: \_\_\_\_\_

Функциялардың графиктерін бір координаталық жазықтықта салыңыз

№1

$$y=8x-1 \quad y=3-4x \quad y=-2+2x$$

сызықтық функциясы үшін

а) функцияның графигіне параллель;

ә) функцияның графикпен қиылысатын;

б) графикпен беттесетін сызықтық функцияның формуласын жазындар.

№2

$$y=2x-7 \quad y=1,4+3x \quad y=x+3,5 \quad y=x+3,5 \quad y=-10,5+3x \quad y=3x-7$$

1)  $y=3+3x$  сызықтық ф/ның графигіне параллель;

2)  $y=2x-10$  сызықтық ф/ның графигіне қиылысатын;

3)  $y=-5x-17,5$  сызықтық ф/ның графигімен беттеседі.

№3


Функция графиктерінің қиылысу нүктелерінің координаталарын табындар:

$$y=2+3x \quad \text{және} \quad y=8x+7$$

$$y=1-3x \quad \text{және} \quad y=-x-1$$

$$y=1+7x \quad \text{және} \quad y=6x$$

№4





Функцияларының графиктері өзара қалай орналасқан

$$y=10x \text{ және } y=1-10x$$

$$y=-3x+9 \text{ және } y=-3x+9$$

$$y=4x-8 \text{ және } y=5x-8$$

№ 5 Функция графиктерінің қиылысатынын дәлелдендер

$$y=9+x \text{ және } y=-x+6$$

$$y=-0,5x+13 \text{ және } y=8+x$$

$$y=6x-5,1 \text{ және } y=9x-6$$

<b>Тақырыбы:</b> <b>35-САБАҚ</b>	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу	
<b>Күні, айы:</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b>	
	<b>Сабаққа қатысқан оқушылар саны:</b>	<b>Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:</b>
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты</b>	7.4.2.4 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу	
<b>Сабақ мақсаты</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> Оқушылар Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу ж/е оның графигі ұғымы жйлы түснiк алады, оны қолданып есептер шығаруға үйренеді	
	<b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> Өткен тақырыппен байланыстырады; -Оқушының жеке ой- пікірінің құндылығы артады.	
	<b>Кейбір оқушылар:</b> Оқушылар жаңа тақырып жайлы малғұматтар алады ол туралы оқып үйренеді	
<b>Сабақтың барысы</b>		
<b>Сабақтың кезеңдері</b>	<b>Жоспарланған жұмыс</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы (2-5 минут)</b>	(МК) Ал, балалар, бүгінгі көңіл күйіміз жақсы екен, ендіше үй тапсырмасын тексеремін. Үй жұмысы қандай?  <b>Математикалық диктант.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ <math>y = -2x + 2</math> теңдеуінің графигін салыңдар.</li> <li>◆ <math>y = 2x + 3</math> теңдеуінің графигін салыңдар.</li> </ul> Бекіту сұрақтарына оқушылар қолдарын көтеріп жауап береді: <ul style="list-style-type: none"> <li>❖ <i>Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеудің графигі қандай фигура болады?</i></li> <li>❖ <i><math>y = 0</math> болса, график қандай болады?</i></li> <li>❖ <i><math>x = 0</math> болса, график қалай болады?</i></li> </ul> 1. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу дегеніміз не? 2. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу дің қасиеттерін айтыңдар. 3. Екі айнымалысы бар сыз-қ теңд-ң графигі қалай салынады?	
<b>Сабақтың ортасы (6-40 минут)</b>	(МК, Ұ)  <i>Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесіндегі теңдеулердің әрқайсысын тура теңдікке айналдыратын айнымалылардың мәндерінің жұбын сол теңдеулер жүйесінің <b>шешімі</b> деп атайды.</i> Теңдеулер жүйесін шешу дегеніміз-оның барлық шешімдерін табу немесе оның шешімдерінің болмайтынын дәлелдеу. <i>Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін шешудің <b>графиктік, алмастыру, қосу тәсілдері бар.</b></i> <i>Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен</i>	Оқулық Аудидиск: 1.4.1; 1.4.4;  Жұмыс дәптері

	<p><i>шешуді қарастырып отырмыз.</i></p> <p><b>I жағдай.</b>  <math>y=0,5x+2</math>  <math>y=-1,5x+6</math> жауабы (2; 3)  <i>егер теңдеулер жүйесіндегі теңдеулердің графиктері болатын түзулер қиылысса, онда теңдеулер жүйесінің бір ғана шешімі болады.</i></p> <p><b>II жағдай.</b>  Тендеулер жүйесіндегі теңдеулердің графиктері болатын түзулер өзара параллель</p> $y=0,5x+2$ $y=0,5x-3$ жауабы: шешімдері болмайды, $\emptyset$ <i>егер теңдеулер жүйесіндегі теңдеулердің графиктері болатын түзулер өзара параллель болса, онда теңдеулер жүйесінің шешімі болмайды.</i> <p><b>III жағдай.</b>  Жүйедегі теңдеулердің графигі болатын түзулер беттеседі.</p> $7x+2y=12$ $35x+10y=60$ <i>егер теңдеулер жүйесіндегі теңдеулердің графиктері болатын түзулер беттесетін болса, онда теңдеулер жүйесінің шексіз көп шешімі болады. теңдеулер жүйесін графигімен шешу. Оқушылар тақтада орындайды.</i> $y=2x$ $x-y=3$ $y=x-3$ №1474 Оқушылар тақтада орындайды. $x+y=7$ $-x+2y=-4$ №1475 Әр оқушы жеке орындап, көрсетеді. теңдеу жүйесін құру, теңдеулер жүйесінің шешімін табу. $2x+3y=12$ $-2x+y=-4$ жауабы: (3;2) 1 топ. Теңдеулер жүйесіндегі графиктері болатын түзулер қиылысады 2 топ. Теңдеулер жүйесіндегі графиктері болатын түзулер өзара параллель болады. 3 топ. Теңдеулердің графигі болатын түзулер беттеседі Графигінің суретін постерге жапсырып тапсырмалар бойынша өз ойларын жазып постерді қорғайды. Постерді смайлик пен бағалайды	
<p><b>Сабақтың соңы( 41-45мин)</b></p>	<p><b>Дәптермен жұмыс.</b>  1-тапсырма. Теңдеулер жүйесін графигімен шешіп, оның бір ғана шешімі болатынын көрсетіндер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <math>X+2y=4</math> <math>x+y=7</math></li> <li>• <math>-1,5x+y=6</math> <math>-x+2y=-4</math></li> </ul> <p>2-тапсырма Теңдеулер жүйесін графигімен шешіп, қайсысының бір ғана шешімі бар екенін, қайсысының шешімдері болмайтынын анықтаңдар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <math>Y=3x</math> <math>X-2y=0</math></li> <li>• <math>x+y=4</math> <math>2x+y=-5</math></li> </ul>	

Презентациядан қосымша түсінік беріледі.  
 1 слайд. Егер бұрыштың коэффициенттері әр түрлі болса, түзулер қиылысады.  
 2 слайд. Бұрыштың коэффициенттері тең болса параллель болады  
 3 слайд. Жүйедегі теңдеулер бірдей(тең) болса түзулер беттеседі.  
 Бекіту сұрақтары:  
 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімі деп нені айтады? }  
 Теңдеулер жүйесіндегі теңдеулердің графиктері болатын түзулер қиылысса, осы  
 теңдеулер жүйесінің неше шешімі болады? }  
 Сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешкенде, қандай жағдайда жүйенің  
 шешімі болмайды? Шексіз көп шешімі қандай жағдайда болады? }

### Қосымша ақпарат

#### Қорытындылау

Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе?  
 2. Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?


#### Қорытынды бағалау


Ең жақсы өткен екі нәрсе?

- 1.
- 2.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?

- 1.
- 2.

Пәні	Математика	
Тақырыбы:	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелерін графиктік тәсілмен шешу	
Сынып: 7	Сабақ 36	
Сабақ негізделген оқу мақсаты:	Оқушылардың теңдеуді, екі айнымалысы бар теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу тақырыбы бойынша алған білімдерін терең меңгеруіне, ақпараттық құзіреттілік тұрғысынан жетілуіне ықпал ету;	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.4.2.4 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу;	
Сабақ мақсаты	<b>Барлық оқушылар:</b> Тақырыптардың негізгі ұғымдары мен міндеттері және мүмкіндіктерін меңгерту. есептер шығаруға дағдыландыру Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік, тәсілдерін қолданып шеше алады	
	<b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> бір жүйеге біріктірілген екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулердің шешімдерінің ортақ болатынын білу. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шеше білу. Оқушылар векторларды қосу ережелерін біледі, вектордың ұзындығын таба алады <b>Кейбір оқушылар:</b> Тақырыпты меңгеру барысында әр түрлі ойын элементі бар есептерді шығару арқылы қабілеті мен бейімділігін дамыта түседі, ептілікке үйренеді	
Сабақтың кезеңдері	<b>Жоспарланған жұмыс</b>	<b>Ресурстар</b>
Басталуы	Оқушылар бір бірлеріне "Серпілген сауал" әдісі бойынша сұрақтар қояды. Сол арқылы функция тарауын қорытындылаймыз. Оқушыларды үш топқа бөліп отырғызамын. Үй тапсырмасын сұрау арқылы сұрақ-жауап Миға шабуыл Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы сұрау апқылы оқушыларды диалогқа түсіру <i>сұрақ-жауап ( ауызша фронтальды түрде)</i> 1. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер дегеніміз не? 2. Оның графигі қандай болады? 3. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі дегеніміз не? 4. Теңдеулер жүйесін шешудің неше тәсілі бар? 5. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі графиктік тәсілмен шешу	
Ортасы	Әр топқа қосымша мәліметтер және оқулықтарын беремін. сол арқылы "Өкіл" әдісін пайдаланып тарауды толық қорытындылаймыз. 3 топ бір бірін бағалайды <i>Мәтіндік есептер</i> А) Екі санның арифметикалық ортасы 19-ға тең, ал айырымы 4-ке тең. Осы сандарды тап. $\begin{cases} \frac{x+y}{2} = 19 \\ x - y = 4 \end{cases}$ Ә) Бір килограмм алма мен бір килограмм алмұрт 275 теңге. 3кг	Үлестірме қағаз 1-топ.: 2 -топ:  3 -топ:

	<p>алма мен 4 кг  алмұрттан 50тг арзан. Бір килограмм алма мен бір килограмм алмұрт бағасы қанша ?</p> $\begin{cases} x + y = 275 \\ 3x = 4y - 50 \end{cases}$ <p>Б) Тіктөртбұрыштың ұзындығы енінен 3 см-ге ұзын. Ал оның периметрі -21 см.  Тіктөртбұрыштың ұзындығы мен енін тап.</p> $\begin{cases} x = y + 3 \\ 2(x + y) = 21 \end{cases}$	
<p>Аяқталуы  Ой қозғау</p>	<p>Сабақ соңында тарау бойынша сұрақтар қою арқылы тарауды қорытындылаймыз  .Топпен Бәйге ойынын ұймдастыру арқылы пәнге деген қызығушылықтарын арттыру  теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешіп, қайсысының шешімі болатынын, болмайтынын анықтау. Оқушылар жеке жұмыс істейді.  №1486 графикті пайдаланып шешімі болатынын, болмайтынын анықтау. Оқушылар жеке жұмыс істейді.  <math>4=2y-x</math>  36 жауабы: (4;4) бір шешімі бар.<math>=6y+3x</math>  <math>4=2y-x</math>  4 жауабы: (0;2) бір шешімі бар.<math>=2y+x</math>  1488 сызықтық теңдеулер жүйесін құру. Оқушылар жұппен жұмыс атқарады.  <math>12=2x+3y</math>  3 жауабы: (3;2)<math>=-x+3y</math>  <math>12=2x+3y</math>  5 жауабы: шешімі жоқ<math>=2x+3y</math>  <math>12=2x+3y</math>  36 шексіз көп шешімдері бар.<math>=6x+9y</math>  Карточкамен жұмыс.  Бекіту сұрақтары:  екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімі деп нені айтады? }  Теңдеулер жүйесіндегі теңдеулердің графиктері болатын түзулер қиылысса, осы теңдеулер жүйесінің неше шешімі болады? }  Сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешкенде, қандай жағдайда жүйенің шешімі болмайды? Шексіз көп шешімі қандай жағдайда болады? }</p>	
<p>Үйге</p>	<p>Бақылау жұмысына дайындық жасау</p>	
<p>бағалау</p>	<p>Соңғы 5 есеп бойынша:  4 -5 есеп -5  2-3 есеп - 4  1 есеп -3  Бағалау парағының қорытындысы шығарылады.  1 топ: Бүгінгі сабақта саған не ұнады?  2 топ: Бүгінгі сабақта не ұнамады?  3 топ: Өз мүмкіншілігіңді толық қолдана алдың ба?</p>	

	3 топ: Келесі сабақта не өзгертер едің?		
Кері байланыс			

### Қосымша ақпарат

#### Қорытындылау

Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе?
2. Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?

#### Қорытынды бағалау

Ең жақсы өткен екі нәрсе?



- 1.
- 2.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?

- 1.
- 2.

<b>Тақырыбы</b> <b>36-САБАҚ</b>	$y=ax^2$ , $y=ax^3$ және $y = \frac{k}{x}$ ( $k \neq 0$ ) түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері	
<b>Күні, айы:</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b>	
	<b>Сабаққа қатысқан оқушылар саны:</b>	<b>Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:</b>
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты</b>	<p>7.4.1.10 <math>y = ax^2</math> (<math>a \neq 0</math>) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p> <p>7.4.1.11 <math>y = ax^3</math> (<math>a \neq 0</math>) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p> <p>7.4.1.12 <math>y = \frac{k}{x}</math> (<math>k \neq 0</math>) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p>	
<b>Сабақ мақсаты</b>	<p>Барлық оқушылар: <math>y=ax^2</math> және <math>y=ax^3</math> функциялары және оның графигі, қасиеттері туралы білімдерін меңгерту</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі: Тақырыптың мазмұнын түсіну, оны өмірмен байланыстыруға, ой қорытындысын жазуға үйренеді</p> <p>Кейбір оқушылар: <math>y=ax^2</math> және <math>y=ax^3</math> функцияларының қасиеттерін біледі. Функцияның графигін сала алады. Функцияның қасиеттерін практикада пайдалана біледі</p>	
<b>Сабақтың барысы</b>		
<b>Сабақтың кезеңдері</b>	<b>Жоспарланған жұмыс</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы (2-5 минут)</b>	<p>(МК)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Функция деген не?</li> <li>2. Функцияның анықталу облысы деген не?</li> <li>3. Функцияның мәндерінің облысы деген не?</li> <li>4. Сіздер қандай функциямен таныссыздыр? (<math>y = kx + b</math>; <math>y = kx</math> ; )</li> <li>5. <math>y = kx + b</math> функциясының графигі не ? , оны салу үшін неше нүкте қажет (түзу сызық).</li> <li>6. Функцияның графигін салуды орындамай –ақ төмендегі формула арқылы берілген графиктер қалай орналасқаны туралы айтамыз: а) <math>y = 3x + 2</math>; <math>y = 3x</math> ; <math>y = 3x - 5</math>;      ә) <math>y = -2x - 7</math>; <math>y = 2x</math>; <math>y = -2x + 5</math></li> </ol>	



<p><b>Сабақтың ортасы (6-40 минут)</b></p>	<p>(МК,Ұ) а)  <math>y = x^2</math> функциясының графигімен танысу және оны салу. .  Енді кесте бойынша <math>y = x^2</math> және <math>y = 3x^2</math>, <math>y = (1/3)x^2</math> функциясының графиктерін салып, салыстыр  <math>=x^3</math> ұғымын енгізу. Есеп қабырғасы 5 см болатын кубтың көлемін табу. (<math>v=5^3</math>)  Егер кубтың қырын <math>x</math> арқылы белгілесек, онда кубтың көлемі оның қырына тәуелді болады. Бұл тәуелділікті <math>y = x^3</math> функциясы деп белгілейік.</p> <p>Өзіндік жұмыс. а) <math>y = -0,5x^3</math> функциясы берілген. Нүктелердің қайсысы осы функцияның графигіне тиісті.  I қатар II қатар III қатар  I A(-1;0) B(-2;4) C(0;-1)  II D(2;-4) E(-2;2) F(-4;3)  III K(5;2) M(6;3) N(-1;0,5)</p> <p>б) <math>x</math>-тің қандай мәнінде функцияның мәні 4 болады?  I қатар II қатар III қатар  <math>y = -0,5x + 1</math> <math>y = 2x^2</math> <math>y = 4x^3</math></p> <p><b>Венн диаграммасы</b> пайдалану</p>  <p>Жаңа тақырыпты талдау және өзойларын ортаға салу үшін Венн диаграммасын пайдалану, ол үшін дайын материалдар тарату</p> 	<p>Оқулық  Аудиодиск:  1.4.1; 1.4.4;</p> <p>№1 Жұмыс дәптері</p>
<p><b>Сабақтың соңы (41-45мин)</b></p>	<p>(К)  Топтарға «Конверт-сұрақ» беремін. (қосымша 4)  <b>Тапсырма:</b>  <b>1-топ:</b> Берілген сызықтар қиылыса ма, қиылысса, неше нүктеде қиылысады ?  <b>2-топ:</b> Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс?</p>	

3-топ:  $Y=x^2$  және  $y=x^3$   
функциялары неше нүктеде қиылысады ?  
4-топ: Төмендегі түзулердің қайсысы  $Y=x^2$  функциясы графигінің  
симметрия осі болады?

**Қосымша ақпарат**

**Қорытындылау**

Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз.Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.

1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе?  
2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?

**Қорытынды бағалау**

Ең жақсы өткен екі нәрсе?

- 1.
- 2.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?

- 1.
- 2.

<b>5.1А бөлім: Функция</b>		<b>Сабақ 38-39</b>	
<b>Күні:</b>			
<b>Сынып: 7</b>		<b>Қатысқандар саны:</b>	<b>Қатыспағандар саны:</b>
<b>Сабақтақырыбы:</b>	$y=ax^2$ , $y=ax^3$ және $y = \frac{k}{x}$ ( $k \neq 0$ ) түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері		
<b>Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	7.4.1.10 $y = ax^2$ ( $a \neq 0$ ) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу; 7.4.1.11 $y = ax^3$ ( $a \neq 0$ ) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу; 7.4.1.12 $y = \frac{k}{x}$ ( $k \neq 0$ ) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу		
<b>Сабақ мақсаттары</b>	$y=ax^2$ $y=ax^3$ функциялары және олардың қасиеттері, графиктері тақырыптары бойынша алған білімдерін тиянақтау, жинақтау.		
<b>Жетістік критерийлері</b>	<b>Оқушылар мақсатқа жетеді, егер</b> Есептер шығаруда ережелерді дұрыс анықтай білу дағдысын қалыптастырса		
<b>Құндылықтарды дамыту</b>	<b>Ынтымақтастық:</b> жақсы қарым-қатынас орнату, ынтымақтастық дағдысын қалыптастыру, сындарлы тіл табу, қарым-қатынас орнатуда сыни тұрғыдан ойлану сынды қасиеттерді қамтиды. ( топтық, жұптық жұмыстарды, сыныппен жұмыста сыйластық қалыптастыру)		
<b>АКТ қолданушылары</b>	Керекті ақпаратты іздеу		
<b>Бастапқы білім</b>	Жай бөлшектер туралы түсініктері бар		

### Сабақ барысы


<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
Басы 3 мин	<b>І. Ұйымдастыру.</b> Амандасу. <i>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.</i>	
5 мин	Фронтальді сұрау. Білімін актуалдандыру үшін <b>Үй тапсырмасын тексеру:</b> Функция деген не? Функцияның анықталу облысы деген не? Функцияның мәндерінің облысы деген не? Сіздер қандай функциямен таныссыздыр? ( $y = kx + b$ ; $y = kx$ ; ) $y = x^2$ функциясының графигі не ? , оны салу үшін неше нүкте қажет (түзу сызық). Функцияның графигін салуды орындамай –ақ төмендегі формула арқылы берілген графиктер қалай орналасқаны туралы айтамыз: а) $y = 3x + 2$ ; $y = 3x$ ; $y = 3x - 5$ ;      ә) $y = -2x - 7$ ; $y = 2x$ ; $y = -2x$	Виленкин Математика 5 сынып

+ 5

Ортасы

20 – мин

**Жаңа сабақ**  
**функцияның графиктерін салу керек**



« $y = k/x$  функциясы және оның графигі» (10 мин) «ЖИГСО әдісі» пайдаланамыз

**1 топ**

$y = -6/x$  функцияның графигін салу керек

x	-6	-4	-3	-2	1	2	3	4	6
y	=+1	+1,5	+2	+3	-6	-3	-2	-1,5	-1

**2топ**

$y = 16/x$  функцияның графигін салу керек4

x	-16	-12	-8	-4	-2	-1	1	2	4	8	12	16
y												

Оқушыларды тақтаға шығарып жалпылай талдату

15 мин

**Жаңа сабақ түсініктерін нақтылау үшін жалпы сыныптық тапсырмалар орындау. Жалпы сыныптық жұмыс**

• **Математика 5 сынып**

Түсініктерін одан әрі шындау мақсатында жұппен тізбектей жұмыстанады, өзара бағалау жүзеге асады.

15 мин

**Жұптық жұмыс.**

• №1. Функцияның графигін сал:

а)  $y = -2x^2$  б)  $y = -3x^2$  в)  $y = 2x^3$

№2. Функцияның графигін сал:

$y = x^2$ ;  $y = (-1/3)x^2$ ;  $y = 4x^2$ .

$y = -x^2$ ;  $y = (1/4)x^2$ ;  $y = 3x^2$ .

<p>Әр топқа бүгінгі мақсатқа жету үшін есеп беру оларды шығарып тақтада қорғау 10 + 2 мин</p>	<p style="text-align: center;"><b>Топтық жұмыс</b></p> <p>2) <math>y = 2x^3</math> <math>y = -2x^3</math> <math>y = \frac{1}{2}x^3</math> <math>y = -\frac{1}{2}x^3</math> функцияларының графиктерін салу.</p>	
<p>мақсат бойынша оқушылардың қаншалықты деңгейде меңгергендігін бақылау 7 мин</p>	<p style="text-align: center;"><b>Жеке жұмыс</b></p> <p>1. <math>y = 5x^2</math> функцияның <math>x = 3</math> болғандағы мәнін табыңдар. А) 45 В) 50 С) 4,5 Д) 54</p> <p>2. <math>x</math>-тің қандай мәнінде <math>y = x^2</math> функциясының мәні 4-тен кіші болады. А) -2 В) 2 С) 3 Д) 1</p> <p>3. <math>y = x^2</math> функциясы мен <math>y = 6</math> түзуінің қанша қиылысу нүктесі бар. А) 1 В) 2 С) жоқ Д) бірнеше</p> <p>4. <math>x</math>-ің қандай мәнінде <math>y = x^3</math> функциясының мәні -8 ден үлкен, бірақ 0-ден кіші болады. А) -2 В) -1 С) 1 Д) 2</p> <p>5. Бір координаталық жазықтыққа <math>y = x^2</math> функциясының графигі мен <math>y = x</math> түзуін салыңдар. Осы қисықтардың қиылысу нүктесінің абсциссаларын анықтаңдар. А) <math>x = 1</math> В) <math>x = 0</math> С) <math>x = 0; 1</math> Д) <math>x = 2</math></p> <p>6. <math>y = -6x^2</math> функциясының графигін салыңдар. Функцияның өсу аралықтарын табыңдар. А) <math>(-\infty; 0)</math> В) <math>(+\infty; 0)</math> С) 0 Д) <math>(0; +\infty)</math></p> <p>7. <math>x</math>-тің қандай мәнінде <math>y = x^2</math> функциясының мәні 9-дан үлкен болады. А) <math>x = 4</math> В) <math>x = 3</math> С) <math>x = 2</math> Д) <math>x = -3</math></p> <p>8. <math>y = x^2</math> функциясы мен <math>y = -3</math> түзуінің қанша қиылысу нүктесі бар. А) 3 В) 1 С) 0 Д) 2</p> <p>9. <math>x</math>-ің қандай мәнінде <math>y = x^3</math> функциясының мәні 0-ден үлкен, бірақ 8-ден кіші болады. А) <math>x = 1</math> В) <math>x = 3</math> С) <math>x = 0</math> Д) <math>x = 5</math></p> <p>10. Бір координаталық жазықтыққа <math>y = x^3</math> функциясының графигі мен <math>y = x</math> түзуін салыңдар. Осы қисықтардың қиылысу нүктесінің абсциссаларын анықтаңдар. А) <math>x = 0; -1; 1</math> В) <math>x = 0; 1</math> С) <math>x = 1, 2</math> Д) <math>x = -1; 2</math></p>	<p style="text-align: center;">Контрольные и самостоятельные работы по математике</p>
<p>Сабақтың соңы 3 - мин</p>	<p><b>Рефлексия</b>  <b>Бүгінгі сабақтағы өз жұмысыңды төмендегі жауаптардың біреуін таңдау арқылы бағалаңыз.</b>  Сабақтың күрделілігін бағала.  Сізге сабақ...  -жеңіл  -қарапайым  -қиын  Материалды меңгеру дәрежеңізді бағалаңыз:  - толық меңгердім  - бүгінгі сабақты жартылай түсіндім  - бүгінгі сабақты түсінбедім  <b>Сабақты қорытындылау.</b></p>	

<p><b>Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</b></p>	<p><b>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</b></p>	<p><b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</b></p>
<p><i>Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты біроқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарыноқушылардың жеке қабілеттеріне сәйкес елаотырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды еске елаотырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданыла алады</i></p>	<p><i>Бұл бөлімде оқушылардың сабақтарында үйренгенін бағалау үшін қолданылатын әдіс-тәсілдеріңізді жазасыз</i></p>	<p><i>Денсаулық сақтау техникалары. Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тәртіптері</i></p>
<p><b>Сабақ бойынша рефлексия</b> Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қолжеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>	<p><b>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</b>  Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған. Оқушылар жанаманың қасиеттерін біледі және есептер шығаруда қолданылады. Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды, ауытқу болған жоқ.</p>	
<p><b>Жалпы баға</b> <b>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)?</b> <b>1: Диалогтық оқыту</b> <b>2: Топтық, жұптық жұмыс: Өзара бір-бірін бағалау</b>  <b>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)?</b> <b>1: Өмірмен байланысты есептерді шығарту.</b> <b>2: Сабақты әртүрлі формада өткізу</b>  <b>Сабақтарының сандары туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</b></p>		

<b>Тақырыбы: 40-САБАҚ</b>	Есеп шығару	
<b>Күні, айы:</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b>	
	<b>Сабаққа қатысқан оқушылар саны:</b>	<b>Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:</b>
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты</b>	<p>7.4.1.10  <math>y = ax^2 (a \neq 0)</math> функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p> <p>7.4.1.11  <math>y = ax^3 (a \neq 0)</math> функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p> <p>7.4.1.12  <math>y = \frac{k}{x} (k \neq 0)</math> функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p>	
<b>Сабақ мақсаты</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> $y = ax^3$ , $y = ax^2$ функцияларының графиктері және қасиеттерін білуі Функциялардың графиктерін салуды және олардың қасиеттерін дұрыс қолдана білуі.	
	<b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> Өзімен қатарлас баладан немесе жасы үлкен адамнан қажетті заттың бірін сұрап ала алады.	
	<b>Кейбір оқушылар:</b> - Сабаққа қызығушылығы артып, өз ойын жүйелі түрде жеткізеді. Оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға	
<b>Сабақтың барысы</b>		
<b>Сабақтың кезеңдері</b>	<b>Жоспарланған жұмыс</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы (2-5 минут)</b>	(МК), <b>Өткен материалды қайталау.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Сызықтық функцияның графигі қандай сызық болады?</i></li> <li>• <i>Функцияның берілу тәсілдерін атап шығыңдар.</i></li> <li>• <i>функциясының графигі қалай аталады?</i></li> <li>• <i>функциясының қасиеттерін атаңдар. Бұл қасиеттер функция графигіне қалай әсер етеді?</i></li> <li>• <i>функциясының графигі қалай аталады?</i></li> </ul>	
<b>Сабақтың ортасы (6-40 минут)</b>	(МК, Ұ) <ul style="list-style-type: none"> <li>• функциясының <u>графигіне төмендегі</u></li> <li>• нүктелердің қайсысы тиісті?</li> <li>• 1-топ 2-топ 3-топ</li> <li>• <math>L (1;2)</math></li> <li>• <math>M (0,5;0,5)</math></li> <li>• <math>E (-2;4)</math></li> <li>• <math>H (-1;2)</math></li> <li>• <math>N (-0,5;0,5)</math></li> <li>• <math>F (3;9)</math></li> <li>• <math>K (-2;8)</math></li> <li>• <math>O (0;0)</math></li> </ul>	Оқулық  Аудиодиск  №1 Жұмыс дәптері

